

**Шектеу іс-шараларын алу және Сарыжар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2016 жылдың 15 қыркүйектегі № 8 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 7 наурыздағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 28 наурызда № 3-8-159 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 19 ақпандағы № 2-11-3/99 ұсынысына сәйкес, Сарыжар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округінің Сарыжар ауылы аумағында ұсақ мүйізді мал арасында сарып ауруын жою бойынша ветеринариялық сауықтыру іс-шаралар кешені жүргізілгендігіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Сарыжар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 8 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5091 болып тіркелген, 2016 жылдың 17 қазанында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сарыжар ауылдық округі әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Н.Н. Черновская*